**«БЕКІТЕМІН»**
«Қоянды ауылы № 2 жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ
директорының м.а. Каратаев Т.Б.
«______»___________2021 ж.

**«Сырғалым» қыздар клубының мектепте қыз балалармен жүргізілетін 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

**«Сырғалым» қыздар клубының мақсаты:** Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу**.**

**«Сырғалым» қыздар клубының ұстанымы:**
«Әдемі күл, сыпайы жүр, терең ойлан**!**»

| **р\с** | **Жұмыстар мазмұны** | **Мерзімі** | **Жүргізілетін жұмыстар түрі** | **Жауапты адамдар** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | «Сырғалым» Қыз балалар клубының жиналысын өткізу | Әр тоқсан сайын | Жиналыс, семинар, тренинг | ДТІЖО «Сырғалым» клубының жетекшісі |
| **2** | Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі | наурыз | Тәрбие сағаты | ДТІЖО, мебдикелер сынып жетекшілері |
| **3** | «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» | наурыз | Сауалнама жүргізу, (Пікір талас) Сайыс | ДТІЖО Сынып жетекшілер Психолог |
| **4** | «Анам және мен» | наурыз | Тәрбие сағаты *(сайыс)* | ДТІЖО сынып жетекшілер көркем еңбек мұғалімдері |
| **5** | Аяулы аналарға құрмет! «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» | сәуір | Аналармен кездесу | ДТІ Сынып жетекшілер Психолог |
| **6** | «Қыздарға не жарасымды?» | мамыр | Сынып сағаты | ДТІЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог |

Клуб жетекшісі Серикбай Биша

**«Сырғалым» қыздар клубының бағдарламасы**

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қызардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу.

**Мақсаты:** мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық, сақтауға баулу, адамгершілк, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілер тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балаларға өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.
- Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, олар заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

Құрастырған Серикбай Биша

**«Сырғалым» қыздар клубының мүшелері**

| № | Тегі, аты-жөні | |
|---|---|---|
| 1 | Серикбай Биша | Клуб жетекшісі |
| 2 | Калиева Сауле Игенбаева | «Ардагерлер кеңесі» төрайымы, зейнеткер |
| 3 | Санкей Ренгул | Психолог |
| 4 | Хадыс Унзила | Бастауыш сынып мұғалімі |
| 5 | Пайзолла Ақбота | 8 «Б» сынып оқушысы |
| 6 | Қолғанатқызы Рауан | 9 «Ә» сынып оқушысы |
| 7 | Зархумар Мөлдір | 10 «А» сынып оқушысы |
| 8 | Сайранбек Жұлдыз | 10 «Ә» сынып оқушысы |
| 9 | Кабыкеева А. Т. | медбике |

Құрастырған Серикбай Биша

**Хаттама № 1**
**«Сырғалым» атты ккыздар клубының отырысы**

**«Қоянды ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Қоянды ауылы**

03.03.2021 жыл
**Қатысқандар:**
ОІЖДО Савилхан М.
ДТІЖО Арилина А.Б.
Психологтар Мадышова А. О., Санкей Р.
Әлеуметтік педагог Шамуратова Г. Ш.
Сынып жетекшілері Тегисхан Лена, Шакерхан Назым, Укай Амангул, Азамат Раушан, Серикбай Биша, Адамбаева Медалхан, Құрмет Аягөз, Болат Фестиваль.
Калиева Сауле Игенбаева-«Ардагерлер кеңесі» төрайымы, зейнеткер-ұстаз
Хадыс Унзила - бастауыш сынып мұғалімі
8-11 сынып қыз балалары – 72 оқушы

**Күн тәртібінде:**
1. «Сырғалым» клубының мақсат, міндеттері, жоспар және құрамымен таныстыру.
2. Жеке бас тазалығын сақтау дәрігер кеңесі.
3. Ерте жастағы жүктілікті алдын алуы.

**Тыңдалды 1-сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Арилина А. Б.** Ол қатысушыларды келе жатқан мерекемен құттықтап, келесі құттықтау сөзін Калиева Сауле Игенбаева, Хадыс Унзила, Серикбай Бишаға берді.

Мектебімізде ағымдағы жылдың 1-наурызынан бастап «Сырғалым» атты қыздар клубы өз жұмысын бастады. Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу. «Сырғалым» қыздар клубының ұстанымы: «Әдемі күл, сыпайы жүр, терең ойлан!». 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары: (презентация)

| р\с | Жұмыстар мазмұны | Мерзімі | Жүргізілетін жұмыстар түрі | Жауапты адамдар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Сырғалым» Қыз балалар клубының жиналысын өткізу | Әр тоқсан сайын | Жиналыс, семинар, тренинг | ДТІЖО «Сырғалым» клубының жетекшісі |
| 2 | Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі | наурыз | Тәрбие сағаты | ДТІЖО, мебдикелер сынып жетекшілері |
| 3 | «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» | наурыз | Сауалнама жүргізу, | ДТІЖО Сынып жетекшілер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | (Пікір талас) Сайыс | Психолог |
| 4 | «Анам және мен» | наурыз | Тәрбие сағаты *(сайыс)* | ДТІЖО<br>сынып жетекшілер<br>көркем еңбек мұғалімдері |
| 5 | Аяулы аналарға құрмет!<br>«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» | сәуір | Аналармен кездесу | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Психолог |
| 6 | «Қыздарға не жарасымды?» | мамыр | Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Сынып жетекші.<br>Әлеуметтік педагог |

**«Сырғалым» қыздар клубының бағдарламасы**

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қызардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу.

Мақсаты: мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық, сақтауға баулу, адамгершілк, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілер тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балаларға өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.
- Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, олар заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

**❖ «Сырғалым» қыздар клубының мүшелері**

| № | Тегі, аты-жөні | |
|---|---|---|
| 1 | Серикбай Биша | Клуб жетекшісі |
| 2 | Калиева Сауле Игенбаева | «Ардагерлер кеңесі» төрайымы, зейнеткер |
| 3 | Санкей Ренгул | Психолог |
| 4 | Хадыс Унзила | Бастауыш сынып мұғалімі |
| 5 | Пайзолла Ақбота | 8 «Б» сынып оқушысы |
| 6 | Қолғанатқызы Рауан | 9 «Ә» сынып оқушысы |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Зархумар Мөлдір | 10 «А» сынып оқушысы |
| 8 | Сайранбек Жұлдыз | 10 «Ә» сынып оқушысы |
| 9 | Кабыкеева А. Т. | медбике |

**Тыңдалды 2-сұрақ бойынша мектеп медбикесі Кабыкеева А. Т.** Ол жеке бас тазалығын сақтау туралы бірнеше дәрігер кеңесін берді (перзентация, бейнеролик):

- Жалпы тазалықты сақтау туралы;
- Киім тазалығы;
- Бет-қол тазалығы;
- Шаш, тырнақ тазалығы;
- Жеке гигиена тазалығы. (қосымша тіркеледі)

**Тыңдалды 3-сұрақ бойынша мектеп психологы Санкей Ренгул. (презентация)** Қатысушыларға ерте жастағы жүктіліктің алдын алуы туралы айтты. Өз сөзінде ерте жүктілік деп 13-19 жаста болған жүктілікті айтады екенін ескертті. Бұрын ондай жағдайлар тұрмыс жағдайы төмен отбасыларда кездесетін, қазіргі уақытта тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен балалар да арасында болып жатыр. Себебі, ондай отбасында өскен балалар жауапкершілікті сезінбейді. Ал көпшілік ата-аналар балаларының сексуалды өмірлеріне араласқылары келмейді. Мұның бәрін бұқаралық құралдардан, интернеттен, кітаптан біліп алады деп ойлайды. Біракта бұл мәліметтер аз. Сондықтан қаламаған ерте жүктілік – жыныстық тәрбиенің дұрыс жүргізілмегеннің нәтижесі деп айтуға болады. Ерте жүктіліктің қауіп-қатері:

- жүрек - қан тамыр жүйесіне;
- эндокриндік және басқа да жүйеге.

Статистика бойынша бойжеткен кезіндегі жүктіліктің 70 % абортпен, 15 % түсікпен және тек 15% босанумен аяқталатыны белгілі. Осы 15 % босанудың өзінде ана мен бала өлімінің қатері көп. Ерте қаланбаған жүктіліктің себебі – отбасындағы жағдайға байланысты.

Жүкті болған қыз балалар не істерін білмей күйзеліске беріледі. Жас әкелер әдетте шеттеніп, «өзің шеш» деп кетіп қалады. Өзін кінәлі сезінген қыз шеттенеді. Аборт жалғыз жол болып көрінеді. Ал аборт көптеген гинекологиялық ауруларға, тіпті бедеулікке әкеледі. Ерте жүктіліктің қауіп-қатері:физикалық, психологиялық, социалдық. Ерте жүктіліктің алдын алу жолдары:

- ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнату, жиірек әңгімелесу, қаламаған жүктілікті болдырмау әдістерімен танысу.
- жыныстық тәрбие жайлы көбірек әдебиеттер оқу;
- өзіне сұрақ қою «Осындай өмірге дайынмын ба?», «Баланы көтере аламын ба?», «Оған дұрыс тәрбие бере аламын ба?».

Осыдан кейін «ашық микрофон» алаңы ұйымдастырылды. Балалар қойылған сұрақтарына толыққанды жауаптар алды. Мысалы: «Қалаусыз жүктілік болған жағдайда, не істеуге болады?», «Контрацепция дегеніміз не?», «Аборттың денсаулыққа зияны бар ма?» т.б.

Отырыс соңында Заманбек Ботакөздің орындауында ән «Ана, әке».

**Шешімі:**

1. Хабарды мәліметке алынсын.
2. Барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілсін.
3. Психологиялық көмек оқушылар қажеттілігіне, жоспарға сәйкес жүргізілсін**.**

Хатшысы: Серикбай Б.

Отырыс төрағасы: Арилина А. Б.